Ауыл-аймақтың ажарын ашамын, көркін кіргіземін, жаңа леп, тың серпін беремін деген жасқа жарқын жол ашылып отыр. Әлеуметтік қолдау да әжептәуір, ауыл тұрмысына жетерліктей. Бір реттік жәрдемақысы, тұрғын үй алуға жеңілдетілген несиесі, айлық жалақыға 25 пайыздық үстемеақысы тағы бар. Үлкен мүмкіндік. Мүмкіндікті жетістікке айналдыра алған, атаулы бағдарламаның көмегімен баспаналы болған жастардың бірі – Алдабергенов ауылындағы дәрігерлік амбулаторияда қызмет етіп жүрген мейірбике Ажар Тәңірбергенова.

– Дәл менің саламда артықшылық өте көп. Мен барлық науқастарды қабылдайтын дәрігермен бірге қызмет ететін мейірбике болғансоң көп тәжірбие жинауға мүмкіндік туды. Қандай науқас келсе де алғашқы көмекті біз көрсетеміз. Сол арқылы өз біліктілігімізді арттырамыз. Бұл бүгінгі еңбек жолын бастаған жастар үшін ауадай қажет деп ойламын. Медицинаны қанша оқысақ та, оның түбіне жеттік, толық меңгердік деп айта алмаймын. Десе де практикалық жұмыстар, күнделікті науқастармен етене байланыс орнатудан келер пайда мол. «Дипломмен ауылға» бағдарламасын жандандырып, ауылымызға жастарды тарту керек, зейнеткерлік орынға қолында дипломы бар жас мамандарды жұмыспен қамту керек, – дейді Ажар Тәңірбергенова.

Ауылда қызмет етіп жүрген әр жас маман тәуелсіз елде туып, қазақ елінің перзенті болғанын мақтан етіп, көк туын желбіретер шаққа тезірек жетуді армандайды. Қазақстанның жарқын болашағына, тың мақсаттарына озат оймен, кемел біліммен құлаш ұрған осындай бақытты ұрпақтың өкілдері еліміздің әр түкпірінде көбейе бергей.

**Арай НҰРЖАНҚЫЗЫ.**

♦MÖLDIR BŪLAQ

# ШАМШЫРАҚ БОЛАР ТУЫНДЫ

**КІТАП – БІЛІМ БҰЛАҒЫ. КІТАП БІЛІМНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ. ӘР АДАМ КІТАПТЫҢ БЕТІН АШҚАН САЙЫН ОНЫҢ ӘЛЕМІНІҢ ТЫЛСЫМ ТАБИҒАТТЫН, ЖАҢА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҮЙРЕНЕДІ.**




Мен кітапханаға жиі барамын. Себебі маған кітап оқыған қатты ұнайды. Әсіресе балалар әдебиеті мен шиеленіскен оқиғалар мен үшін қызық.

Мен көп кітап оқыдым. Солардың ішінде мені таң қалдырып, терең ой салған Алан Маршалдың «Мен шалшықтан секіріп аттай аламын» деген кітабы. Бұл кітап өте қызықты, оқырманға ерекше әсер сыйлайды. Менде бұл әсерді сезіндім.

Кейіпкер Алан – жабайы жылқыларды қолға үйретушінің баласы.

Ол әкесіндей қайсар болғысы келеді, ат құлағында ойнасам деп армандайды.

Кітапта жасөспірім Аланның қайсарлығы мен төзімділігі өте керемет сипатталады. Баланың бір аяғы болмаса да, өмірге деген құштарлығы, талпынысы өзімен қатарлас сау балаларға қарағанда зор еді. Қиналғанына қарамастан үмітін үзген емес. Болашақта бәрі жақсы болатынына сенді. Бұл хикаятта қаһарман мінезінің қалыптасу үдерісін көрсетеді.

Бұл кітапты алғаш оқып бастағанда-ақ жалғасы не болатыны, немен аяқталатыны қызық болды. Сонымен қатар оқып отырғанда өмірге деген құштарлығым арта түсті.

«Мен шалшықтан секіріп аттай аламын» кітабынан осындай қорытынды шығаруға болады. Егер сен өзгелерден материалдық жағынан төмен болсаң, рухани жағынанда кем боласың дегенді білдірмейді. Керісінше материалдық жағдай төмен болса да, рухани бай бола білу керек.

Бұл кітапта терең және тұщымды ой бар. Осы туындыда өзге оқырмандардың алары өте көп деп ойлаймын. Сондықтан сіздерге де осы кітапты оқуға кеңес беремін.

**Ділнар ӘДІЛЖАНҚЫЗЫ,**
**Ж.Жақыпбаев атындағы орта мектебінің 5 «а» сынып оқушысы.**

Жетісу орта мектебінің ұжымы ардагер-ұстаз
***ДӘУРЕНБЕКОВ***
***Бекберген Мейірбайұлының***
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты жұбайы, балалары мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

# ҚАСИЕТ ҚОНҒАН ШИПАЛЫ БАСТАУЛАР

**БАБА ЖҰРТТЫҢ ДАНАЛЫҒЫНДА «СУДЫҢ ДА СҰРАУЫ БАР» ДЕЙТІН ТӘМСІЛ БАР. ҚАСИЕТТІ СӨЗДІҢ ТӨРКІНІНЕ ҮҢІЛЕТІН БОЛСАҚ, НАҚЫЛДЫҢ МАҒЫНАСЫ – СУДЫҢ ІШКІ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ҚАСИЕТІН БАҒАЛАЙ БІЛ ДЕГЕНГЕ САЯДЫ. ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ ҚАЙ ТҰСЫНА БАРСАҢЫЗ ДА НЕШЕ ТҮРЛІ ШИПАЛЫ БҰЛАҚТАР БАР. ӘДЕТТЕ СОЛ ЕМДІК СУЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҚҚА ТІКЕЛЕЙ ҚАТЫСТЫ ЕКЕНІН ЕСТЕН ШЫҒЫП КЕТЕДІ. ҚЫСҚАСЫ, АТА-БАБАЛАР ПАРАСАТЫНАН АЛЫСТАҒАН САЙЫН ҚАУІПТІ ІНДЕТТЕРГЕ БАРЫНША ЖАҚЫНДАЙ ТҮСТІК.**





Бәріңізге белгілі, 2017 жылы елімізде «Қазақстанның қасиетті жерлері» атты бағдарлама қабылданып, біршама оңтайлы шаруа жүзеге асты. Солардың қатарында Жетісу өңіріндегі қасиетті бұлақтар жайында да біршама зерттелді. Жалпы, аймағымыздағы емдік табиғи киелі орындардың қатарына халық қастерлейтін, өсіп тұрғанына 700 жылдан асқан Панфилов ауданындағы «Әулиеағаш» және «Найзатапқан», Ұйғыр ауданындағы «Мазар терек», Жамбыл ауданындағы «Жаманты минералды бұлақтары, Кербұлақ ауданындағы «Шиырбай бастаулары», Көксу ауданындағы «Әулие бастау», Алакөл ауданындағы «Қандағатай ара тұмасы» және «Байжұман ата бастаулары, Іле ауданындағы «Әлмерек ата бастауы», Ақсу ауданындағы аса тұзды «Рай көлі» және Райымбек ауданындағы «Тұз-көл», тағы басқалары жатады. Әлсіз минералданған бастаулар қатарына «Жаманты минералды бұлақтары», «Әулие бастау», «Тамшы бұлақ», «Байжұман ата», «Қандағатай ата», «Шиырбай» бастауларын, орташа минералданған бұлаққа «Найзатапқанды», күшті минералданған жылы түріне Ескелді ауданындағы «Емсуды» жатады.

Табиғи емдік киелі орындар ерте заманда ашық аспан аясындағы табиғи ғибадатхана қызметін атқарған. Оған «Найзатапқан», «Әулие бастау» арасандарының маңындағы биік жартасқа салынған аң бейнелі суреттер мен «Жаманты минералды бұлағының» жанындағы үңгірдегі шағын мешіт дәлел болады. Өкінішке қарай, біз осыған дейін аталған қасиетті орындарды тек нанымдық тұрғыда түсіндіруге баса мән бердік те, оның суының емдік қасиеті туралы ақпараттарды ашып айтпай келдік. Сондықтан жұрт ол жерлерді танымдық тұрғыда киелі деп қабылдап, табынушылық сипатқа ден қойды. Ал ғылыми тұрғыдағы адам ағзасына пайдалы тұстары сырт қалды.

Жетісу жеріндегі жұрт көп біле бермейтін, білетіндер назар салып көрмеген «Найзатапқан», «Жаманты минералды бұлақтары», «Әулие бастау», «Рай көлі» сияқты табиғи киелі арасан суларынан сынамалар алып, талдау жұмысын жасалды. Соңғы жылдары жоғарыда аталған арасан көздерінен жалпы 12 сынама алып, «Жер туралы ғылымдар, металлургия және байыту орталығы» акционерлік қоғамының ұлттық ғылыми зертханасына жіберілген. Аталған зертхана жапониялық заманауи жабдықтарды қолдана отырып, ғылыми талдау жасаған.

Жетіжол (Бұғылы) тауындағы Жаманты өзенінің шатқалындағы Жаманты минералды бастауларын көнекөз қариялар Жаманты өзені шатқалында болған ескі қыстаумен байланыстырады. Оған келетін адамдар ең алдымен биіктігі 10-15 метрлік тік жартастағы үңгірде орналасқан мешітке барып намаз оқиды.

Ел аузында сақталған аңыздарға сәйкес Жоңғар шапқыншылығы кезеңінде көптеген қазақ отбасылары осы үңгірдің ішіне тығылып аман қалған деседі. Қазбек бек Тауасарұлы «Түп-тұқияннан өзіме шейін» атты еңбегінде, Есболат Айдабосын «Сүлік қара» хикаятында жоңғар шапқыншылығында жараланған қазақ сарбаздарының осы бұлаққа келіп емделгенін жазған.

Жаманты минералды бұлақтарының төрт минералды бастауының суына жүргізілген зертханалық талдау қорытындысына сәйкес бастау суы катионды құрамына қарай калийлі-натрийлі-кальцийлі-магнийлі, ал, анионды құрамына қарай сульфатты-гидрокорбонатты-хлоридті сулардың қатарына жатады. Құрамында радонның болмауына, фтор үлесінің рұқсат етілген санитарлық-гигиеналық шектен аспауына байланысты арасан суы ішуге жарайды. Арасан суында Менделеев кестесіндегі 11 элемент бар.

Олардың ішінде әсіресе, K, Na, Ca, Mg көп кездеседі. Киелі арасандағы «Жүрек», «Бүйрек», «Асқазан» тұмалары суының химиялық құрамына жасалған салыстырмалы талдаулар әр бастаудағы химиялық элементтер үлесінің әртүрлі екенін көрсетті.

Атап айтсақ, «Жүрек» тұмасында қантамырлары мен жүрек қызметін, бұлшықеттің жиырылуын қамтамасыз ететін Mg, K, Na, Ca, Cl үлестерінің басқа екі тұмаға қарағанда біршама жоғары, сульфаттың үлесі төмен екендігі белгілі болды. Шипажайтанушы ғалымдар мен дәрігерлердің пікіріне сәйкес магний, натрий, калий жүрек-қантамыр жүйесінің қызметін жақсартатындықтан аталған арасан суын ішкен адамдар сырқатынан жылдам айығады.

Панфилов ауданындағы Ынталы ауылының батысында 15 шақырым қашықтықта Алтынемел (2928 м) тауының Қоңырөлең ойысына ұласатын тектоникалық жарықтар аймағында орналасқан «Найзатапқан» киелі арасаны бірбірінен арақашықтығы 1-3 метрден аспайтын 10-12 тұмадан тұрады. Арасан көзінен минутына 5-6 литр су ағып шықса, ыстықтығы 16-210 С аралығында болады.

Емделушілердің пікірі мен ғылыми дерекке сәйкес, «Найзатапқан» суының құрамындағы пайдалы элементтер адам ағзасының жалпы жағдайын нығайтып, барлық жүйенің жұмысын жақсартады. Зертханалық талдау нәтижелері «Найзатапқан» арасаны суының құрамында ағзаның жұмысын реттеуде ерекше орын алатын еріген микроэлементтер көп екенін көрсетті.

Минералды су құрамында Na, Cl, K, Ca иондары және карбонат пен сульфаттың үлесі басым. Зерттеу нәтижелері ұсынылған үлгінің су сапасын бағалауға қойылатын талапқа сәйкес келетінін және емдік мақсатқа пайдалануға болатынын көрсетті. «Найзатапқан» суының денеге түскен жарақатты және бөртпе сияқты тері ауруларын емдеуге өте пайдалы келетіндігі ғылыми түрде дәлелденіп отыр. Ел аузында сақталған аңыздарға сәйкес киелі табиғи емдік минералды суымен жоңғар шапқыншылығы кезінде жараланған қазақ жауынгерлері емделген. Кейіннен соғыстан қалған найзаның ұшы табылуына орай жергілікті халық Найзатапқан атап кеткен.

Ерте заманнан киелі саналатын, емдік қасиеті бар, еріген минералдарға бай Рай көлі Балқаш ойысында, Ақсу өзенінің төменгі ағысында теңіз деңгейінен 351 метр биіктікте орналасқан. Беткі ауданы 4 гектар, ұзындығы 400, ені 100, жағалау сызығының ұзындығы 1150, орташа тереңдігі 2,6 метр. Көл құм жалдарының аралығындағы ойыста түзілген.

Адам ағзасына пайдалы әсері бар алуан түрлі химиялық элементтерге бай әрі қасиеттері теңіз суына жақын болғандықтан Рай көлі толассотерапиямен шұғылдануға мүмкіндік береді. Жүргізілген зерттеу жұмыстары аталған көлдің минералдық және химиялық құрамының қалыптасуына саяздығы мен тұйықтығы, жазда буланудың қарқынды жүруі күшті әсер ететінін көрсетті.

Зертханалық талдау нәтижелері көрсеткендей, көл суы құрамы жағынан сульфатты-хлорлы-натрийлі сулардың қатарына жатады. Зертханалық талдаулар қорытындысына сәйкес 1 литр суда 138-140 граммға дейін еріген минералды заттар бары анықталды. «Жер туралы ғылымдар, металлургия және байыту орталығы» акционерлік қоғамының Ұлттық ғылыми зертханасында жүргізілген спектрлік талдау нәтижесіне сай Рай көлінің суы мен табанындағы тұнбалардың құрамында Менделеев кестесіндегі 13 элемент бар.

Көл табанындағы тұнбаларда, әсіресе мыс, мырыш, стронций, хромның үлесі басым. Зерттелген сынама үлгісінің физикалық-химиялық қасиеттері шипажай мен физиоемдеуде қолданылатын емдік балшықтардың нормативті көрсеткіштеріне сәйкес келеді. Рай көлінің табанына шөккен емдік балшықтың химиялық құрамында магний, кальций, натрий, мыс, хром, марганец иондарының және сульфаттың үлестері басым. Зерттеу нәтижелері бойынша ұсынылған үлгі су мен тұнбалардың сапасын бағалауға қойылатын талаптарға сәйкес келетіндіктен көл суын емдік-сауықтыру мақсатында пайдалануға болады. Халықтың шөлді алқапта орналасқан шағын көлге емделу мақсатында көптеп келуі, оны киелі орын санауы құрамындағы химиялық элементтердің адам ағзасына жағымды әсер етуінен деген қорытынды шығаруға болады.

Суға шомылу кезінде адам иондаған көл бетінің ауасын жұтады. Соның нәтижесінде жүректің жұмысы, тыныс алу түзеліп, адам ағзасына оттегінің келуі көбейеді. Ағзадағы зат алмасу үрдісі жақсы жолға қойылып, дене шынығады. Көл табанына шөккен тұнбаның құрамында тұз, өсімдік шіріндісі, сондай-ақ, оларды қорек ететін ұсақ ағзалар теріндегі рецепторларға, дәнекер тіндерге, ішкі секреция бездеріне әсер етіп, ағзадағы зат алмасу, регенерация үрдісінің жүруін реттейді, ауырсынуды басады. Міне, Жетісу өңірінің ауасымен қатар, суы да жанға шипа, дертке дауа.

«Бекітемін»
Ескелді ауданының әкімі
«______»______________2021 ж.
__________________ Р. Али.

## 2022 жылдың 17 қаңтары мен 08 ақпан аралығында өтетін аудан әкімі және ауылдық округ әкімдерінің Ескелді ауданы тұрғындарымен өткізетін есепті кездесулерінің

## МЕДИА ЖОСПАРЫ

| Р/С | Өткізілетін шаралар | Уақыты | Жауапты адамдар |
|---|---|---|---|
| 1 | Ауылдық округ әкімдерінің 17.01.2022 ж.- 26.01.2022ж. аралығында өтетін есепті жиындарының кестесі мен осы жиындарға байланысты барлық округ әкімдері мен аудандық әкімдік ғимаратында халықтың ұсыныстарымен ескерпелеріне арналған жәшіктердің қойылғандығы жөнінде хабарламаны «Ескелді елі» ЖШС «Жетісу шұғыласы» газеті бетіне жариялау | 14.01.2022ж. | Д. Оразбеков –ұйымдастыру, мемлекеттік-құқықтық бөлімшесінің басшысы, ауылдық округ әкімдері |
| 2 | Аудан әкімі Р. Алидің 17.01.2022 ж. - 08.02.2022 ж. аралығында өтетін есепті жиындарының кестесі мен аудан әкімінің есепті баяндамасының тезистерін «Ескелді елі» ЖШС «Жетісу шұғыласы» газеті бетіне жариялау | 14.01.2022ж. | Д. Оразбеков –ұйымдастыру, мемлекеттік-құқықтық бөлімшесінің басшысы. Г. Бейсекулова – Ескелді ауданының экономика және қаржы бөлімінің басшысы |
| 3 | Аудан әкімі Р. Алидің 17.01.2022 ж. - 08.02.2022 ж. аралығында өтетін есепті жиындарының қорытындысы туралы аудандық «Ескелді елі» ЖШС «Жетісу шұғыласы» газеті бетіне жариялау | 21.01.2022ж.<br>28.01.2022ж.<br>11.02.2022ж. | Д. Оразбеков –ұйымдастыру, мемлекеттік-құқықтық бөлімшесінің басшысы Ж.Исабаев аудандық «Ескелді елі» ЖШС «Жетісу шұғыласы» газетінің директор-редакторы |
| 4 | Аудан әкімі Р. Алидің 17.01.2022 ж.-08.02.2022 ж. аралығында өтетін есепті жиындарының кестесі мен аудан әкімінің есепті баяндамасының тезистерін «Ескелді елі» ЖШС «Жетісу шұғыласы» газеті бетіне жариялау | 14.01.2022ж | Д. Оразбеков –ұйымдастыру, мемлекеттік-құқықтық бөлімшесінің басшысы Ж.Исабаев аудандық «Ескелді елі» ЖШС «Жетісу шұғыласы» газетінің директор-редакторы |

**Д. ДЖОЛДЫХАНОВ,**
**Ескелді аудан әкімі аппаратының басшысы.**

## Места размещения ящиков и адреса социальных сетей для сбора предложений, замечаний и откликов населения к отчетам акима Ескельдинского района

| № | Наименование организации, учреждения | Наименование населенного пункта | Место расположения ящиков | Социальные сети |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Аппарат акима района | с.Карабулак ул.Оразбекова 67 | Здание акимата района | eskeldy.zhetisu.gov.kz, Instagram; |
| 2 | Аппарат акима Карабулакского сельского округа | с.Оркусак | Бригада № 6 | Instagram; |
| 3 | | с.Абай | СШ им.Абая | |
| 4 | | с.Ешкеольмес | Бригада №4 | |
| 5 | | С.Шымыр | СШ.им. М.Маметовой | |
| 6 | | с.Матая Баисова | СШ им. Т.Рустембекова | |
| 7 | | с.Карабулак | Здание дома культуры | |
| 8 | Аппарат акима Туленгутского сельского округа | с.Жендик | Здание НШ Жендик | Instagram; |
| 9 | | с.Екпинди | Здание НШ Екпинди | |
| 10 | | с.Жетысу | Здание дома культуры | |
| 11 | Аппарат акима Сырымбетского сельского округа | с.Сырымбет | Здание СШ Жакыпбаева | Instagram; |
| 12 | Аппарат акима Каратальского сельского округа | с.Терек}ты | ОШ им.Мичурина | Instagram; |
| 13 | | с.Каратальское | Здание акимата округа | |
| 14 | Аппарат акима Кокжазыкского сельского округа | с.Боктерли | Здание ФАП | Instagram; |
| 15 | | с.Тенлик | Здание ФАП | |
| 16 | | с.Кокжазык | Здание акимата округа | |
| 17 | Аппарат акима Кайнарлинского сельского округа | с.Актасты | Здание НШ Актасты | Instagram; |
| 18 | | с.Коржымбай | Здание НШ Коржымбай | |
| 19 | | с.Кайнарлы | Здание дома культуры | |
| 20 | Аппарат акима Конырского сельского округа | с.Коктобе | Здание СШ Коктобе | Instagram; |
| 21 | | с.Алмалы | Контора ПК Алмалы | |
| 22 | | с.Коныр | Здание акимата округа | |
| 23 | Аппарат акима Акын Саринского сельского округа | с.Акешки | Здание НШ Акешки | Instagram; |
| 24 | | с.Актума | Здание ФАП | |
| 25 | | с.Тамбала | Контора ПК, | |
| 26 | | с.Акын Сара | Здание акимата округа | |
| 27 | Аппарат акима Бахтыбайского сельского округа | с.Ельтай | СШ им.Сейфуллина | Instagram; |
| 28 | | с.Отенай | Здание СВА, | |
| 29 | | с. Бактыбай | СШ Бактыбай | |
| 30 | Аппарат акима Алдабергеновского сельского округа | с.Жастар | Здание КСХК | Instagram; |
| 31 | | с.Жаналык | Здание НСШ Жаналык | |
| 32 | | с.Алдабергеново | Здание акимата округа | |
| 33 | Аппарат акима Жалгызагашского сельского округа | с.Бигаш | Контора ПК, | Instagram; |
| 34 | | с.Жалгызагаш | Здание СШ им. Жалгызагаш | |

# ХАБАРЛАНДЫРУ

**Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 ақпандағы № 190 «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес аудан әкімінің және ауылдық округ әкімдерінің 2021 жылы атқарылған жұмыстары туралы есеп беру кездесулері өткізіледі**

«Бекітемін»
Ескелді ауданының әкімі
«______»______________2021 ж.
__________________ Р. Али.

## Алматы облысы Ескелді ауданы әкімінің 2021 жылы атқарылған жұмыстар туралы тұрғындармен өткізген есептік кездесу бойынша

## КЕСТЕСІ

| Әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі | Январь | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 17 қаңтар дүйсенбі | 18 қаңтар сейсенбі | 19 қаңтар сәрсенбі | 20 қаңтар бейсенбі | 21 қаңтар жұма | 26 қаңтар сәрсенбі | 08 ақпан сейсенбі |
| Ескелді ауданының әкімі<br>Али Рустам Алиұлы | Сырымбет а/о, Сырымбет а., Жақыпбаев ОМ., 10.00 сағ.<br>Азаматтарды қабылдау, 16.00 сағ. | Жалғызағаш а/о Жалғызағаш а., Жалғызағаш ОМ, 10.00 сағ.<br>Азаматтарды қабылдау, 11.00 сағ. | Қоңыр а/о, Қоңыр а., Қоңыр ОМ., 11.00 сағ.<br>Азаматтарды қабылдау, 12.00 сағ. | Қайнарлы а/о, Қайнарлы а., Мәдениет үйі, 10.00 сағ.<br>Азаматтарды қабылдау, 11.00 сағ. | Алдабергенов а/о, Алдабергенов а., Ауылдық округ әкімі аппаратының мәжіліс залы, 11.00 сағ.<br>Азаматтарды қабылдау, 12.00 сағ. | Қарабұлақ а/о, Қарабұлақ а., аудандық мәдениет үйі, 11.00 сағ.<br>Азаматтарды қабылдау, 12.00 сағ | Қорытынды есеп Қарабұлақ а, Аудандық мәдениет үйі, 11.00 сағ.<br>Азаматтарды қабылдау, 12.00 сағ. |
| | | Төлеңгіт а/о, Жетісу а., Мәдениет үйі, 15.00 сағ.<br>Азаматтарды қабылдау, 16.00 сағ. | Ақын Сара а/о, Ақын Сара а., Ш.Уәлиханов ОМ., 15.00 сағ.<br>Азаматтарды қабылдау, 16.00 сағ. | Көкжазық а/о, Көкжазық а., Балпық би ОМ., 12.00 сағ<br>Азаматтарды қабылдау, 13.00 сағ | Бақтыбай а/о, Бақтыбай а., Бақтыбай ОМ., 15.00 сағ.<br>Азаматтарды қабылдау, 16.00 сағ. | | |
| | | | | Қаратал а/о, Қаратал а., Қаратал ОМ., 16.00 сағ.<br>Азаматтарды қабылдау, 17.00 сағ. | | | |

**Д. ДЖОЛДЫХАНОВ,**
**Ескелді аудан әкімі аппаратының басшысы.**

# ОБЪЯВЛЕНИЕ

**В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 5 февраля 2016 года № 190 «О проведении отчетных встреч с населением руководителей центральных исполнительных органов, акимов, ректоров национальных высших учебных заведений» будут проведены отчетные встречи о проведенной работе за 2021 год акима района и акимов сельских округов с населением согласно утвержденного графика**

«Утверждаю»
Аким Ескельдинского района
___________________ Р. Али.
«______»_____________2021 г.

## ГРАФИК

## отчетных встреч акима Ескельдинского района Алматинской области с населением о проведенной работе за 2021 год

| Аким административно-территориальной единицы | Январь | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 17 январь понедельник | 18 январь вторник | 19 январь среда | 20 январь четверг | 21 январь пятница | 26 январь среда | 07 февраль понедельник | 08 февраль вторник |
| Аким Ескельдинского района<br>Али Рустам Алиевич | Сырымбетский с/о, 10.00 ч. Офлайн с онлайн подключением (Instagram) https://instagram.com/eskeldy_press?utm_medium=copy_link<br>Прием граждан, Офлайн 12.00 ч. | Жалгызагашский с/о, 10.00 ч. Офлайн с онлайн подключением (Instagram) https://instagram.com/eskeldy_press?utm_medium=copy_link<br>Прием граждан, Офлайн 11.00 ч. | Конырский с/о, 11.00 ч. Офлайн с онлайн подключением (Instagram) https://instagram.com/eskeldy_press?utm_medium=copy_link<br>Прием граждан, Офлайн 12.00 ч. | Кайнарлинский с/о, 10.00 ч Офлайн с онлайн подключением (Instagram) https://instagram.com/eskeldy_press?utm_medium=copy_link<br>Прием граждан, Офлайн 11.00 ч | Алдабергеновский с/о, 10.00 ч. Офлайн с онлайн подключением (Instagram) https://instagram.com/eskeldy_press?utm_medium=copy_link<br>Прием граждан, Офлайн 11.00 ч. | Карабулакский с/о, 11.00 ч. Офлайн с онлайн подключением (Instagram) https://instagram.com/eskeldy_press?utm_medium=copy_link<br>Прием граждан, Офлайн 12.00 ч. | Прием граждан, 11.00 ч. Офлайн с онлайн подключением (Instagram) https://instagram.com/eskeldy_press?utm_medium=copy_link | Итоговый отчет акима района, 11.00 ч. Офлайн с онлайн подключением (Instagram) https://instagram.com/eskeldy_press?utm_medium=copy_link<br>Прием граждан, Офлайн 12.00 ч. |
| | | Туленгутский с/о, 15.00 ч. Офлайн с онлайн подключением (Instagram) https://instagram.com/eskeldy_press?utm_medium=copy_link<br>Прием граждан, Офлайн 16.00 ч. | Акынсаринский с/о, 15.00 ч. Офлайн с онлайн подключением (Instagram) https://instagram.com/eskeldy_press?utm_medium=copy_link<br>Прием граждан, Офлайн 16.00 ч. | Кокжазыкский с/о, 12.00 ч. Офлайн с онлайн подключением ((Instagram) https://instagram.com/eskeldy_press?utm_medium=copy_link<br>Прием граждан, Офлайн 13.00 ч. | Бактыбайский с/о, 15.00 ч. Офлайн с онлайн подключением (Instagram) https://instagram.com/eskeldy_press?utm_medium=copy_link<br>Прием граждан, Офлайн 16.00 ч. | | | |
| | | | | Каратальский с/о, 16.00 ч. Офлайн с онлайн подключением (Instagram) https://instagram.com/eskeldy_press?utm_medium=copy_link<br>Прием граждан, Офлайн 17.00 ч | | | | |

**Д. ДЖОЛДЫХАНОВ,**
**руководитель аппарата акима района.**

♦TYNYS

# КІТАПҚҰМАРЛАР МАРАПАТ БИГІНДЕ



Ел тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында жуырыда «Балалардың кітап оқуын қолдау жылы» негізінде жыл бойына кітапханалар оқырманмен жүргізген жұмыстарын саралап, Ескелді аудандық кітапханасының ұйымдастыруымен «Әрбір ұлт үшін Тәуелсіздік күні – ерекше мереке» тақырыбымен оқырмандар фестивалі өтті. Аудандық мәслихатының хатшысы Қ.Сатанов, «NurOtan» партиясының аудандық филиалының төрағасы орынбасары Ж.Тазабекұлы, аудан прокуроры Қ.Шойбеков және Титов атындағы орта мектебінің директоры, Желтоқсан көтерілісінің қаһарманы Ә.Каймулдинов шақырылып, жиналған оқырман қауымды құттықтап, марапаттарын табыстау рәсіміне қатысты.

Шара барысында С.Сейфуллин атындағы облыстық әмбебап кітапханасы ұйымдастырған «Тез оқуды үйрену» атты жылдам оқу сайысы, «Мақал сөздің мәйегі» атты мақал-мәтел сайысының жеңімпаздарын, Ескелді аудандық кітапханасының «Балалар бөлімі» ұйымдастырған «Астана – туған жердің ғажабысың» атты онлайн сурет байқауының жеңімпаздарын, сонымен қатар жыл бойына аудандық және ауылдық кітапханалардың мәдени іс-шараларына белсене қатысқан оқырмандарына «Алғыс хат» пен сыйлықтар табыс етілді. Аудандық мәдениет үйінің қызметкерлері шараны әуезді әуенмен, күмбірлі күймен әрледі. Сонымен қатар, Алдабергенов атындағы орта мектебінің 6 және 7-сынып оқушылары Айдана Ержан және Гүлназ Ержан «Жаңа ғасыр» әнін орындаса, Қарабұлақ орта мектебінің 6-сынып оқушысы Аружан Қожатай «Тәуелсіздік» өлеңін нақышына келтіріп оқыды.

**С. АННАБИГИНА,**
**Ескелді аудандық кітапханасының оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі.**

♦MÄSELENIÑ MÄNISI

# СЫРҒАЛЫЛАР КӨБЕЙІП БАРАДЫ…

**ҚОҒАМ БОЛҒАСЫН БӘРІ БОЛАДЫ. БІРІ ТОҢЫП СЕКІРСЕ, ЕНДІГІСІ ТОЙЫП СЕКІРЕДІ. БІРЕУІ ӨНЕР, БІЛІМГЕ ҚҰШТАР. БІРЕУІ МАСЫЛДЫҚТЫ ЕРТТЕП АЛҒАН. АЛ ТАҒЫ БІРЕУІ КӘСІБІМЕН КӨКЖИЕГІН КЕҢЕЙТСЕ, БАСҚАСЫ ӨЗ ӘЛЕМІН ҚИЯЛДАН – ШЫНДЫҚҚА АЙНАЛДЫРҒАН. АЙТПАҒЫМЫЗ, КІМНІҢ НЕ ЖАСАРЫ ЕМЕС, ЖАСАҒАНЫНЫҢ ҚОҒАМҒА ТИГІЗЕРІ ЖАЙЫНДА БОЛМАҚ.**



Бұрындары эмоларға еліктеп, шашын өсіріп, сырға таққан жігітті көргенде жаға ұстайтынбыз. Қазір не көп, трансгендер көп. Қоғам оларды шеттетпеді. Керісінше, ортамызда тайраңдаттық. Жігіттерге жараспайды қос бұрым деймiз-ау. Осындайда анаубір жылдары шалбарды бұтына тырыстырғандарды айналып кеткің келеді. Сорақы деген ол емес екен. Бетіне бес батпан бояу жағып, шашын әрлеп, бик өкше, қысқа көйлек киген қызды көргенде, қыз деппін ғой, жігітті көргенде өзіңе деген сүйіспеншілігіңді жоғалтарың рас. Жабыстырған сояудай тырнағы, найзадай кірпіктері түйреп алардай. Ал табиғат бермеген көкіректі отамен орнатып алғанын көрсе де сілекейі шұбырады талайының. «Намыссыз, арсыз, ұятсыз» деп өзгенің көзінше атойлағанымен, сол транстың оқырманы болып, сүйкімді пікір салып отыратын жастарды көргенде жаның ашиды.

Ерсі тірлігін еледік. Телеарнаға шығарып көтердік. Атын атап атақ бердік. Затын көрсетіп шалқыттық. Біз өзі кімдерді тәрбиелеудеміз? Сонда келешек елдің тізгінін ұстар кім? Осы сауал көптің көкейінде жүр. Себеп те сол, әлеуметтік желілерде сырғалылардың жаңбырдан соңғы саңырауқұлақша қаптап кеткені.

Қазір Тик Ток дегенді бизнестің көзіне айналдырыпты бір трансгендер. Атын атап, түсін түстемеген жөн болар (жарнаманың керегі не?). Тікелей эфирге кіреді. Банк нөмірін ортаға тастайды. Достарына транс арқылы пранк, танысу, мазақ қылуы үшін әлгі шотқа ақша аударады жұрт. Әйел дауыспен 500 теңге, еркек дауыспен қоңырау шалу 1000 теңге деген ставкасы тағы бар. Ал жомарттық жасап, 1500 теңге аударғанын қағазына түртіп алған ұзын-сонар кезегінен өткізіп жібереді де бірінші боп құттықтайды. Бір сағатқа созылған мұндай «кәсібінен» 100 мыңға жуық ақшаның көзін тауып отыр. Қызылы сол, эфирде туған күнімен құттықтатып, балаларына, күйеулеріне қоңырау шалдыртатындары жетерлік. Барлығы қазақ. Түсінессіз бе, қазақ. Енді кімге өкпелейміз?

Бұрындары ер жігітке қарата айтылатын «еңселі ер азамат», «екі иығына екі кісі мінген», «жауырыны қақпақтай» деген теңеулерді қазіргі жігіттерге айтуға ауыз бармайды. Дегенмен, көпке топырақ шашпайық. Бір-бір қызметтің басында, бір үйдің асыраушысы болып отырған азаматтарымыз да көп. Тек жігіттік қалыптарын әйелге айырбастаған нар жігіттердің майдаланып бара жатқаны ұрпақ келешегіне де зиянын тигізбей қоймайтыны мазалайды.

Осыдан жеті мың жыл бұрын Азияда арнайы ерлерге сырға жасайтын ұсталар болған көрінеді. Рим елінде сырғаны құлдарға тағатын болса, гректерде жезөкшеліктпен айналысатын ерлер таққан екен. Сығандарда алдыңғы сәбиі өлген соң, дүниеге келген келесі баласына сырға тағу салты болған. Ал, пираттардың құлағындағы сырғалар тоналған кемелердің санын білдіреді. Біздің жігіттерге не жорық? Кәріс сериалдарындағы жігіттерге еліктеп тақты ғой деп ақтап алайын десең, жүрген түрі, сиқы анау. Сырғаның әйелде жоқ түр-түрін көйлегімен сәйкес қып тағып алады. Әйелге айналуына өзі емес, құдды айналасы кінәлідей. Айтары сол, «зорлыққа ұшырадым». Түбі сол соққы сырғалардыкы.

Балам – болашағым деген қазақпыз. Тәрбиені берерде балам жаман болсын демейтініміз де рас. Бірақ осындай жігіттер қайдан шығады? «Мен үш нәрседен қорқамын. Өзінің сәбиіне бесік жырын айта алмаған анадан, өзінің немересіне ертегі айта алмаған ата мен әжеден, екі қазақтың бір-бірімен орысша сөйлесіп тұрғанынан қорқамын» дейді батыр Бәукең. Қазір бізде үшеуі де бар. Айтып-айтпай не керек, қазақтың ұрпағы қазақ болу үшін әжелер институты мен аталар мектебі жұмыс істеуі керек. Әйтпегенде, бүгінгі талай дерттің арты «жұқпалы» болып бара жатқаны қынжылтады.

Кешегі көшпенді елдің асқақ арманын орындаған ерлердің ісі егеулі найза қолға алмай, еңку-еңку жер шалмай, ер-тоқымын жастанбай біткен еді ғой. Сонда ел басына күн туса етігімен су кешкен кешегі баһадүрлердің ұрпағы ел қорғауға сырға тағып, сыланып шыға ма?

**С. ӘЛДЕБЕК.**

♦KÖMBE

# МЕН ЗАМАНЫМДА ҚАНДАЙ ЕДІМ?..

**Міржақып ДҰЛАТҰЛЫ:**



Мен заманымда қандай едім? Мен ақын, шешен, тілмар бабаларымның бұлбұлдай сайраған тілі едім. Мөлдір судай таза едім. Жарға соққан толқындай екпінді едім. Мен наркескендей өткір едім.

Енді қандаймын?

Кірленіп барамын, былғанып барамын. Жасыдым, мұқалдым.

Мен не көрмедім?

Маған әкеліп араб пен парсыны қосты. Бертін келе шүлдірлетіп ноғайды, былдырлатып орысты араластырды. Бір күндерде мені мүлде жоқ қылғысы келгендер де болды. Әлі де ұшбақы болғыр Абайға өкпем жоқ. Тірі де маған ара түсушілер аз болды. Мен жылы сөзді, алдымен айналып кетейін, осы күнгі Ахмет (Байтұрсынұлы - ред.) деген кісіден ғана естідім. Төңкеріске шейін көрмегенім қалған жоқ. Төңкеріс болмаса, бейшара қазақ менен айырылатын да шығар деп едім.

Төңкеріс болды. Қазақтың көзі ашылды. Қазақтың көзі ашылған соң, менің де күнім туды ғой деп қуанушы едім. Жаны жәндем кеткір миссионерлердің, молдалардың, тілмаштардың қолжаулығы болудан құтылдым ғой деп ойлаушы едім. Оның үстіне қазақ тілі мемлекеттік тіл болсын деген заң шықты. Төбем көкке төрт елі жетпеді. Бірақ, не керегі бар, босқа қуанған екенмін…

Жанның бәрі теңдік алып жатқан Кеңес үкіметінің тұсында менің бұтымды бұт, санымды сан қылып, кім көрінген соғылай бастады. Өзгені не қылайын, отаршылдық саясатын қолданбас-ау дейтін Білім кеңесі екеш Білім кеңесі де мені аямады. «Етістік», «сәрсендеме» деген жалаларды әкеп жапты маған. Бұйырмасын, біздің арамызда мұндай атты соғылғандар туғалы болып көрген емес. Не амалың бар? Құдай басқа салған соң көніп отырмыз. Кітаптарында, газеттерінде маған көрсетпеген қорлығы тағы жоқ.

«Қазақыландыру» деген бір пәлесі шықты да, көрген күнім бұрынғыдан да қараң болды. Бірдемені бұтып-шатып жазады да, міне, сені қазақыландырдық дейді. Жақын арада Қазалы дейтін қалада «кәператив күні» деген бір күн болып, жұрттың бәрі желігіп көшеге шықты. Ұялғаным-ай, кірерге тесік таба алмадым. Қолдарындағы қызыл туына сондағы жазғаны мынау: «Арзан тауара де дебенге һәм ауылдарға арзан астыт жұмыскерлер кетуі жақсу. Назыққанда амал би лелдік жеккуле-к пл! Жоғарлатуна керек канун есамклдің арзандауыға тауарлерде өсемен жегере уктабр іңқлаб».

Міне, жұртым, мені Қазалының «қазақыландырғандағысы» осы! Жасаған-ай, мұндай да қазақыландыру болады екен! Енді, қайтемін? Бұл мұңымды кімге айтамын, кімге шағамын!

Менің ойлап-ойлап тапқаным – Жалаужан, сен болдың. Сен өкімет басындағы ақсақалымыз едің. Сен нағыз қазақтың бел баласы едің. Сен адырайған адай едің. Мұңымды мен жалғыз-ақ саған шағамын. Өзге комиссиялардың көбіне сенбеймін. Олардан да жақсылық көріп жүргенім жоқ. Газетке арнаған сөздерін сусылдатып орысша жазады да, шала-шарпы тілмаштарына аудартып, жанымды шығара жаздайды. «Тасты жапалаққа ұрса да жапалақ өледі, жапалақты тасқа ұрса да жапалақ өледі» дегендей, бәз-баяғы менің сорым.

Жалаужан, мен саған жалынам, «Ауыл тілін» шығарамын, газетім нағыз ауыл тілімен, таза қазақ тілімен жазылады дегенде, ішім елжіреп кетеді. Мұныңа тілектеспін. Жортқанда жолың болсын, жолдасың Маркс, Ленин болсын, сенің не керегіңе мен дайынмын. Бірақ, мені қорға, таза сақта, көрінген тілмәштарыңа тағы да қор қылма. Әсіресе, Қазалы сықылдылардың «қазақыландырғанынан» қорға. Азар коменес болып кетсең де, ата-бабаң қазақ еді ғой, мен солардың тілі едім ғой, не жазығым бар, ая мені!

**МАДИЯР.**
**(«Ауыл тілі», 27 июль, 1926 ж. №1.)**

Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор - бас редактор Жанахмет Мырзахметұлы ИСАБАЕВ.
Директордың телефоны 3-04-75
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген.
Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. «Алматы-Болашақ» ЖАҚ-ның Талдықорғандағы «Офсет» филиалының баспаханасында басылады. Баспахананың мекенжайы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 3000
Тираж 3000
Тапсырыс 18
Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции.

Компьютерная верстка К. АЛИМХАНОВОЙ.